

**"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорны мен "Кеденкөліксервис" жабық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 қаңтар N 11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.15. N 310 ~P020310 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының теміржол көлігін қайта құрылымдаудың 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 756 P010756\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазкөліксервис" еншілес мемлекеттік кәсіпорнының және "Кеденкөліксервис" жабық акционерлік қоғамының оларды қосу арқылы "Қазкөліксервис" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) болып қайта ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) онда негізгі қызмет түрі контейнерлерді тасымалдау және оларды жүк әрі қойма терминалдарында өңдеуді қоса алғанда, темір жол контейнерлік тасымалдарын қамтамасыз ету деп белгіленіп, Қоғам жарғысының бекітілуін;

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін;

3) Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне берілуін;

4) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріспен толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен

үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-18-жолмен толықтырылсын:

"21-18 "Қазкөліксервис" ЖАҚ";

"Алматы қаласы" деген бөлімдегі реттік нөмірі 123-21-жол алынып тасталсын ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік

пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

Р990659\_

қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 160-11-жолмен толықтырылсын:

"160-11 "Қазкөліксервис" ЖАҚ".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.